

Р.Шойбеков

ҚР Мемлекеттік Орталық музейінің антропология және этнология орталығының жетекші ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы
Алматы қаласы, Қазақстан

СЫПЫРА АТАУЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТІЛДІК-МӘДЕНИ СЕМАНТИКАСЫ

Аннотация. Мақалада тілдік және этнографиялық деректер сыпыра деп аталған заттың жайса – төсеніш, бүктесе – ыдыс қызметін атқарған қарапайым бұйымнан дас-тарқан тәрізді қасиетті үй мүлкіне айналғанын, соған орай қазақ және басқа да түркі халықтарында көптеген этномәдени нышанды фразеологизмдердің қалыптасуына негіз болғаны қарастырылады.

Тірек сөздер: этнолингвистика, тілдік семантика, мәдени семантика, контоминация, фразеологизм, аймақтық лексика, дәстүрлі үй бұйымдары.

Р.Шойбеков

Доктор филологических наук, профессор, главный сотрудник центра Антропологии и Этнологии Центрального государственного музея РК
Алматы, Казахстан

НАЗВАНИЕ «СЫПЫРА» И ЕГО КУЛЬТУРНО-ЯЗЫКОВАЯ СЕМАНТИКА

Аннотация. В статье рассматриваются языковые и этнографические данные о том, что предмет, названный «сыпырой», стал священным домашним имуществом, служившим и подстилкой, и посудой, что послужило основой для формирования у казахских и других тюркских народов многих этнокультурных символических фразеологизмов.

Ключевые слова: этнолингвистика, языковая семантика, культурная семантика, контаминация, фразеологизм, региональная лексика, традиционная домашняя утварь.

R.Shoibekov

Doctor of Philological Sciences, professor, chief research worker of the Center of Anthropology and Ethnology of the Central State Museum of RK
Almaty, Kazakhstan

THE NAME “SYPYRA” AND ITS LINGUISTIC AND CULTURAL SEMANTICS

Annotation. In the Kazakh traditional mode of life, hides of livestock and various species of animals were used as the main source of raw materials. Their role as a raw material does not lose its relevance to the present day. Products made from the processed raw material are widely used in everyday life of Kazakhs, such as clothing, utensils, housing, harness and household items, etc. They testify to the high level of processing of raw hides.

In the article, the ethno-linguistic analysis of one of the ancient household articles “syпыra” is

given. “Sypyra” is translated from the Kazakh language as a tablecloth for rolling out dough; it is usually made of raw sheep or goat hide.

Keywords: ethnolinguistics, language semantics, cultural semantics, contamination, phraseological unit, regional lexis, traditional house utensils.

Кіріспе. Байырғы қазақ тұрмысында тері өңдеп, одан күнделікті тіршілікте көшіп-конуға ыңғайлы етіп жасалған *бұлқынишақ* (жылқының сан терісі мен тілерсек терісінен жасалған, сусын сақтауға, тасымалдауға ыңғайлы ыдыс түрі), *көнек* (өңделген терінің *көн* деп аталатын түрінен мал саууға арнап жасалған ыдыс; *көн* – малдың немесе аңның кептірілген және шала өңделген (иленбеген) терісі), *мес* (бітеу сойылған мал терісінен (негізінде ешкі терісінен) сусын тасымалдауға және сақтауға арнап жасалған ыдыс), *торсық* (қымыз, шұбат, айран, шалап тәрізді сүт өнімдерін құйып алып жүруге арналған шағын тері ыдыс), *саба* (мал сүтін өңдеуге және тасымалдауға, яғни бие сүтінен қымыз ашытуға, сиыр сүтінен іркіт пісіп, одан май алуға қолданылатын көлемді ыдыс), *долық* (бітеу іреп сойылған мал терісінен жасалған ғұрыптық ыдыс; мал терісін қарны мен сирағынан бір жақ қырынан тілмей, сойып жасаған бітеу ыдыс – долықты молшылықтың нышаны деп «үйге кірген ырыздықты бітел, төкпей, шашпай ұстап тұрадъ» деп санап, тұз, астық тәрізді ас-азықтарды ырымдап салып қойған), *қауға* (құдықтан су тарту үшін түйенің мойын терісі (мойнақ) мен жылқы, сиырдың тұтас терілерінен жасалған ыдыс) тәрізді үлкенді-кішілі жұмсақ ыдыстар мен *бөстек* (төсеп отыруға арнап теріден жасалған бұйым; оны иленген мал, аң терісінен жасайды; көбінесе үстіне көрпеше салынып, қарттар отыратын жерге төселеді), *тулақ* (ең қарапайым өңдеуден өткізілген, бүлінген, сапасы төмен, іске жарамай қалған мал терісінен жасалған төсеніш; оны көбінесе жүн сабағанда, кейде жүк және тағы да басқа заттардың астына салуға қолданған), *жайма*, *дастарқан* (жерге жайылатын немесе жозы (аласа үстел) бетіне төселетін, теріден және маталардан тігілген шаршы пішінді, үстіне ас қоятын бұйым) және т.б. төсеніштер жасалған.

Көшпелі тұрмысқа ыңғайлап жасалған бұйымдардың көптеген түрлерінің қолданыстан шығып қалуына байланысты бүгінде олардың атаулары да ұмыт бола бастады. Бұл тәрізді үй мүлкі атауларының қатарына бүгінде ауылдық жердегі тұрғындар арасында болмаса, қалың көпшілік жадында мағынасы көмескіленіп, бірте-бірте тілдік қолданыстан шығып бара жатқан этномәдени нышаны бар *сыпыра* сөзін жатқызуға болады.

Сыпыра және оған қатысты атаулардың, фразеологизмдердің тілдік және мәдени семантикасы. *Сыпыра* – ұн елегенде, қамыр жайғанда астына салатын тері жайма, жарғақ тері (Kazak adebi tilinin... 13-том, 2010. 533), төсеніш. Сыпыраны көбінесе иленген қой-ешкінің тұтас терісінен жасайды. Ол үшін, мәлімет берушілердің айтуынша, сойылған малдың терісін алдымен жүнін ішіне қаратып орап, жылы жерге қояды. Бір-екі күн тұрған соң терінің жүні жидіп түседі. Оны *жидіту* дейді. Жидіген тері *тықыр тері* деп аталады. Тықыр тері кепкен соң ішкі жағына айран немесе айранның сарысуына қарабидайдың ұнын қосып дайындаған иді жағып, орайды. Бір-екі тәулікте теріге и сіңіп, дегдіп кебе бастайды. Шелін алып, тазартылған теріні қолмен уқалап, созғылап жұмсартады. Иін қандырып, әбден уқаланған тері жұмсақ болуымен бірге ақ түсті болып шығады. Осындай теріні кейде матамен тыстап та сыпыра ретінде қолданған. Бүктегенде беттесетін сыртының жоғарғы тұсынан іліп қоюға арнап бау тігілген.

Кейбір көнекөз қариялардың айтуына қарағанда, сыпыра жасалатын терінің жүнін жидітпей тұрып, оның ішкі бетіне айран жағып, бірқалыпты жылылықта ұстап иді сіңдіреді, дегдітеді, шелін алып тастайды. Содан кейін ірі, қарапкен тұзбен тұздайды. Терінің бетін ақ матадай болғанша тазалап, қолмен уқалап жұмсартады. Жұмсарған терінің айна-ла шеті мен пұшпақтарын түзулеп кесіп, төртбұрыш пішінге келтіреді. Терінің жүнін қырқып яки қырып тастайды да, шетін айналдыра қалындау матамен жиектеп тігеді (окантовка).

Алайда теріні дөңгелендіре қырқып шеңбер пішінде жасаған сыпыралар ел ішінде сирек те болса кездесіп қалады. Кейінгі уақыттарда тері сыпыраның орнына клеенкадан немесе матадан бірнеше қабаттап қолдан тігілген, кенеп және т.б. қалың матадан тысталған сыпыралар қолданылатын болды. Қазір тері сыпыралар ел ішінде сирек кездеседі.

Диалектолог-зерттеуші Т.Айдаров жергілікті тіл ерекшеліктерінің материалдары негізінде сыпыра туралы «ұн елеп, қамыр жаятын дастарқан, – деп түсіндіріп, – бұл әуелде үлкен семіз қойдың терісінен жұмсақ етіп иленіп дайындалған. Арық қой терісі жарамайды. Бүктеп жинағанда сынып, қиылып кетуі мүмкін. Осыған байланысты үлкен құлақты адамды *сыпыра құлақ* деп те атайды. Сондай-ақ, қойдың маңдай алды үлкен, семізін *қойдың сыпырасы* дейді», – деп жазады. Оған дәйек ретінде жазушы О.Малқаровтың шығармасынан: «Барған жерімізде қойдың сыпырасын сойып тастады» тәрізді мысал келтіреді (Айдаров Т. 1975. 93).

Белгілі диалектолог-ғалымның пікірі көңіл аударарлық. Алайда, сыпыра тек семіз қойдың терісінен ғана емес, қоныр аңның (атап айтқанда, еліктің), жалпы сойылған немесе әлдеқалай пышакқа ілінген бұзау-торпақ, тана, сиырдың терісінен де жасалған. Сиыр түлігінің жүні тықыр болғандықтан, оның терісінің жүнін жидітіп немесе қырып алып тастау қажет болмаған. Қысқасы, өзі қолдан өсірген малының өнімдерін әрбір қазақ шаруасы ысырап етпеуге тырысқан. Ол туралы этномәдени ақпараттар сиырға байланысты қалыптасқан *Сыпыр алғыр! Сыпыра алғыр! Сыпыра болғыр!* тәрізді қарғыс сөздерде сақталған. Қарғыс сөз құрамындағы *сыпыр* – топалаң, қарасан ауруларының эвфемистік атауы. Бұлар «топалаңға ұшырап жайрап қалғыр», «қырылып қалғыр», «пышакқа ілінгір», «терің сыпырылып сыпыра болсын» тәрізді зілсіз қарғыс мағынасын білдіреді. Алайда тілдегі мағына элементтері кірігуінің құбылысына (контоминация) байланысты жоғарыдағы кейбір мағыналар бүгінде көмескіленіп қалып қойған да, екінші мағынамен тұтасып кеткен тәрізді. Бұндай құбылысты түйе малына байланысты қалыптасқан *Ақшелек келгір! Ақшелегің шағылғыр!* тәрізді қарғыстар мен *ақшелегі түскендей ақтарылды* («түгін аяған жоқ» деген мағынада) деген фразеологизмдерден (Kenesbaev I. 1977. 27), *ақшелектің майына шақыру* (түйенің тоқпан жілігінен мол түсетін майлы, кәделі асқа шақыру) салтынан да (Kazaktin... 1- tom, 2011. 137) байқауға болады. *Ақшелек* – аймақтық, кәсіби лексикада 1) түйе ауруы, қарабез; 2) түйенің тоқпан жілігі (Kazak tilinin aimaktik... 2005. 45).

Ерте заманнан бері дәнді дақылдардан жарма, ұн тарту үшін теріден жасалған сыпыраны қолдирменнің астына салып төсеніш ретінде пайдаланған. Қолдирменнің астына төсеуден басқа уақытта ұн елеуге, қамыр илеуге, нан жаюға қолданған.



Сыпыра. Ұлы Петр атындағы Антропология және этнография музейі. (Кунсткамера) қорынан (11-1434-18)



Сыпыра. ҚР МӨМ материалдары бойынша суретті салған Б.Досымов



Сыпыра. Шеңбер пішінді сыпыра. Үшкілдеп кескен төрт бөлік теріден құрастырып тігілген. Диаметрі – 90 см. Ұн елейтін, нан жаятын оң беті. ҚР Мемлекеттік Орталық музейінің фотолабораториясынан.

Нан жабу, бауырсақ пісіру немесе асылып жатқан еттің жаймананын дайындау үшін алдымен ұнды елегенде астына сыпыра салады. Еленген ұнды бөлек алып, одан қамыр илеп, бірнеше зуала (*зуала* – тандырға жабатын немесе қазанға, табаға пісіретін яки асылып жатқан етке салатын нанды жаю үшін бір бөлек иленген қамыр; қамырдың бір жаюға арналған жұдырықтай бөлігі) дайындағаннан кейін сыпыраның үстіне нантақтайды қойып, оқтаумен ыспалап, әрбір зуаланы бөлек-бөлек жайып шығады.

Нан жайып болған соң оқтау-тақтайды жинап алып, сыпыраның ішіне иленген қамырдан үзіп алған бір собалақ қамыртұрышты салып қояды. *Қамыртұрыш* – келесі жолы тек қамыр ашытуға пайдаланатын ашытқы. Қамыртұрышты сыпырада сақтау арқылы әр жолы қамыр илегенде ашытқы іздей бермейді, дайын ашытқыны қолданады. Сыпыра ішіне сақтап қоятын, тек нан ашытуға қолданатын ашытқы оңтүстік өңірде *қамбая*, *қамыртұрыш* деп аталса, Орал аймағында *қамырбас*, Қызылорда аймағында *нантұрыш*, Қарақалпақстан қазақтары тілінде *қамыртырыш* деп айтылады (Kazak тілінің аймақтік... 2005, 381). Нан жайылып, ішіне аздап ұн мен қамыртұрыш қалдырылған соң, сыпыраны алдымен ішкі жағын беттестіре екі бүктеп, одан кейін екі жағының шет-шетін бір-біріне жеткізе қайырып, алғаш беттестірген бөлігін ортасына қарай жиыра бүктеп, жоғарыға (мәселен, кебеженің үстіне) орналастырады немесе биіктеу жерге іліп қояды.

Халық тәжірибесі бойынша, сыпырада сақталған осындай ашытқыны пайдаланып жабылған нан тез көгеріп кетпейді екен. Байырғы тұрмыста айран ашытатын *ұйытқы*, қымыз ашытатын *қор* (*қораба*) тәрізді ашытқылардан басқа сыпыраға сақтап қоятын ашытқының басқа түрлері де болған. Көне түркі тілінде бидайдан боза жасауға арналған ашытқы *ұғұт* деп аталған. Бұл – қазіргі қазақ тілінің нормасы бойынша *уыт* деген сөз. М.Қашқаридың түсіндіруі бойынша: «Бұл ашытқы бірнеше ішімдіктерден құралады да, олар арпа ұнымен араластырылып, қамыр жасалады. Бұл қамырдан кесіп, көмелеш істеп, кептіріледі. Одан кейін бидай мен арпаны қайнатады; одан жаңағы қуырылған көмелештен бір дәні әбден жаншылып, қайнатылған бидайға тегіс себіледі. Содан кейін бұл бидайды таза бір нәрсеге орап, үш күнге дейін дымқылдап қояды. Үш күн өткеннен кейін әбден дымқылданып қызып жетілу үшін күбіге салып он күн сақтайды. Ашып жетілгенде үстіне су құяды. Сүзіп алғаннан соң осы сұйықтық «бидай шарабы» болады» (Kashkari M. 1-tom, 1997. 79).

Сыпырада ашытқы ғана емес, аймақтық лексикада нан жайғанда тақтайға, нанға себілетін, қамыр астына салатын *ұлпа*, *ұрпақ*, *ұрпақтық*, *қарықтық*, *ұн* деп аталатын майда, ұлпа ұн түрлері, аз көлемдегі талқан, сонымен бірге кейде тандырға жабатын нанның бетіне өрнек түсіретін *тікеш*, *шеккіш* тәрізді кішігірім ас жабдықтары да сақталған. Байырғы ырым бойынша сыпыраның ішін бос қоймаған. Сыпырада азғантай болса да ұн қалдырған. Өйткені ұн тоқшылықты білдіреді. Осыған байланысты Қарақалпақстандағы қазақтар арасында көңілі өсіп мастанған әйелдерге қарата айтылатын *Сыпыраңда ұның қалмасын* тәрізді қарғыс, *сыпырасында бір қысым ұны жоқ* («үйінде бір тістем наны жоқ» деген мағынада) тәрізді фразеологизм сақталған. Мәлімет берушілердің айтуынша, адам түсінде ішінде ұны қалмаған сыпыраны көрсе, оны көп ұзамай дәм-тұзы таусылып, өмірден озады екен деп жорыған.

Қазіргі бірсыпыра еңбектерде *сытыра* қамыр илейтін, нан жаятын, диірмен астына салатын дастарқан, жайма деп түсіндіріледі. Ол негізсіз емес. Өйткені олардың әрқайсысы ас әзірлеуде жайып төсеуге қолданылады. Алайда бұлардың өзіндік айырмашылықтары да жоқ емес. Мәселен, қазіргі әдеби тілімізде *дастарқан* – жерге жайылатын немесе үстел бетіне төселетін теріден, шығ, жібек, бөз тәрізді маталардан тігілген шаршы пішінді ас жабдығы. Осы мағынасында кейбір аймақта оны *асжаулық*, *асорамал* деп те атайды. Сонымен бірге дәстүрлі ортада *дастарқан* – ас-тағамға және оған қатысты этикеттік нормаларды білдіретін әрі ғұрыптық мәні бар, ауқымы кең ұғым. Бұл ұғым асты даярлаудан бастап *дастарқан жасю* немесе *дастарқан жасау* (қонақ шақыру үрдісі), *дастарқан басы* (қонақтар мен үй иелерінің дастарқан басында орналасуының қалыптасқан реті, әңгіме-дүкен құру және т.б.) деп аталатын технологиялық жағынан да, ғұрыптық тұрғыдан да өте күрделі үрдістер мен *бата жасау*, *асату*, *сыбаға ұсыну* тәрізді көптеген дәстүрлі этикеттік нормалар мен этикеттік ұстанымдарды қамтиды (Kazaktin... 1-tom, 2011. 608-610).

Дастарқан атауы тілімізге араб тілінен енген. Көне түркі тілінде дастарқан *тіргі*, *тергі* деп аталған. Осыған байланысты М.Қашқари: «Тергі – дастарқан. Мақалда былай дейді. «Тілін тергігә тегір – Тілімен дастарқанға жетер, яғни тілі майда, тілі тәтті адам дастарқанға жетер. Бұл мақал «Кісінің өнері өзінің тілінен белгілі болады» деген мағынада айтылады», – дейді (Kashkari M. 1-tom, 1997. 488) «Көне түркі сөздігінде» *тергі* – ас ішетін стол (Drevneturkskii... 1969. 554).

Көне заманда теріден жасалған дастарқанның бір ғана кісіге арналған түрлері болған. Оны *тамғалық* деп атаған. «Тамғалық әсілі таңбалы, таңбаланған деген сөз. Әдетте, патшалар өзіне арналған дастарқан мен сусын, шарап құятын шағын көзені басқа біреулер пайдаланбауы үшін таңба салып қояды. Себебі оларда әрқашан бір кісілік шарап пен тамақ болады. Бертін келе кішкентай көзелер мен дастарқан *тамғалық* деп аталып кеткен. Бұл патшадан басқа кісі бұл тағамдарды жемеулері үшін таңба басуға даярланған дастарқан деген ұғымды білдіреді» (Kashkari M. Tubi bir ..., 1993. 33).

Ас-тағамға арналған «төсеніш» мағынасында *жайма* атауы да қолданылады. Халық тілінің аймақтық нұсқаларында *жайма* «үйге төсейтін төсеніш», «төсекше; қонаққа арналған төсеніш», «дастарқан» мағыналарында жұмсалады. Жергілікті тұрғындар тілінде «дастарқан» ұғымымен байланысты қалыптасқан *жайманың жаны тағам зой* тәрізді фразеологизм сақталған. Алайда қазіргі әдеби тілде *жайма* тек асқа арналған төсеніш, дастарқан «ас қойылатын арнайы төсеніш пен оның үстіндегі ас-тағам» деген ұғымдарды, ал *сытыра* «қамыр илегенде, нан жайғанда астына салатын төсеніш» деген мағынада қолданылады. *Сытыра* сөзі Оңтүстік Қазақстан, Алматы облыстарының кей жерлерінде ауыспалы мағынасында «малмүлік» деген ұғымда жұмсалады (Aidarov T. 1975: 93).

Сытыра атауы о баста түркі тілдеріне араб тілінен енген. Қазіргі түркі тілдерінде, мәселен, түрік тілінде *софра* – тамақтанатын стол, дастарқан (Kemal Demiray. 1993. 84), түркімен тілінде *супра* – қамыр жайғанда астына төсейтін тоқыма немесе мага (Turkmen... 1962. 866), өзбек тілінде *супра* 1) дастарқан; 2) ұн елеп, қамыр жайғанда қолданатын төсеніш (Aidarov T. 1975: 93), қырғыз тілінде *сутура* – нан илегенде, қамыр жайғанда астына төсейтін өңделген қой, ешкі терісі (Judahin K.K. 1965. 664).

Қорытынды. Жинақтай айтқанда, сыпыра қазақтың бұрынғы күнделікті тұрмысында диірмен тартқанда, ұн елеп, нан жайғанда және ашытқы, нан шекігіш тәрізді заттарды пайдалану барысында тазалық сақтау қызметін атқарған. Осыған орай үй мүлкінің (домашняя утварь) ішінде алатын орны да ерекше болған. Әртүрлі жағдайға байланысты сойылған мал терісін пайдалану мен оны дайындау әдістері үйшілік кәсіпшілігінде үнемшілдік принципі бойынша қалдықсыз технологиямен жұмыс істегенін көрсетеді. *Сытыра* деп аталатын үй мүлкі ас-тағаммен байланысты болғандықтан халық түсінігінде

дастарқан тәрізді береке, молшылық әкелетін, отбасының ынтымақ-бірлігін сақтайтын қасиетті бұйым деп саналады. Күнделікті тұрмыста бұндай ұғым-түсініктер этикалық ұстанымға айналады. Сондықтан оны кез келген жерге қоя салмай, белгілі бір жерге іледі немесе жоғарыға қояды. Сыпыраның үстіне отыру, үстінен аттау, тіпті қалай болса солай теріс бүктеу жаман ырымға жатады. Осымен байланысты этикеттік норманы білдіретін *Сыпыраны аттама! Сыпыраны теріс бүктеме!* тәрізді тыйым сөздер сақталған. Сыпыра молшылықтың, байлықтың белгі-нышаны болғандықтан, «мол дәулетке ие болып отыр» деген ауыспалы мағынада *сыпыраның ішінде отыр*, «майқанынан жарылайын деп тұрған ен үлкен, маңдайалды қой» ұғымында *қойдың сыпырасы* немесе *қойдың сыпырасы екен*, «қалқиған үлкен құлақ» ұғымында *құлағы сыпырадай* тәрізді бағалауыштық мәндегі фразеологизмдер, *сыпыра болғыр!* («сойылғыр», «сойылып, терің сыпыра болсын» деген мағынада) сияқты қарғыс мәнді сөздер қалыптасқан. Бұндай бейнелі сөз оралымдарын басқа түркі халықтары тілінен де кездестіруге болады. Мәселен, қырғыз тілінде *қудайдың сұтурасы* деген сөз тіркесі «жер», «оты-шөбі мол жер» деген мағынада қолданылады. Ал өзбек тілінде *Хар супранинг нони бор* (әр сыпыраның наны бөлек; әр сыпыраның өзіне лайық наны болады) тәрізді мақал, *номи (еки оти) улуг, супраси қуруқ* (істеген ісі өзінің атына, атақ-абыройына, жасына сәйкес келмейтін адам туралы айтылады), *супра қоқти* (үлкен тойдан кейін көршілерін, жақын адамдарын шақырып қонақ қылып «шүкіршілік шайын» беру) тәрізді паремиологизмдер мен фразеологизмдер ұшырасады (Uzbek tilining..., 1981: 85). Жоғарыдағы тілдік және этнографиялық деректер *сыпыра* деп аталған заттың жайса – төсеніш, бүктесе – ыдыс қызметін атқарған қарапайым бұйымнан дастарқан тәрізді қасиетті үй мүлкіне айналғанын, соған орай қазақ және басқа да түркі халықтарында көптеген этномәдени нышанды фразеологизмдердің қалыптасуына негіз болғанын аңғартады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- [1] Айдаров Т. Қазақ тілінің лексикалық ерекшеліктері. Алматы: Мектеп, 1975. 184 б.
- [2] Древнетюркский словарь. Л.: Наука, 1969. 676 б.
- [3] Kemal Demiray. Temel turkce sozluk. 4-baski. Istanbul, 1993. 1133b. Кемал Демирай. Үлкен түрікше сөздік. 4-басылым. Стамбул, 1993. 1133 б.
- [4] Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы: Ғылым, 1977. 712 б.
- [5] Қазақ әдеби тілінің сөздігі. 13-т. Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2010. 756 б.
- [6] Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 1-т. Алматы: DPS, 2011. 736 б.
- [7] Қазақ тілінің аймақтық сөздігі. Алматы: Арыс, 2005. 824 б.
- [8] Қашқари М. Түбі бір түркі тілі (Диуани лұғат ит-түрк). Тәржімалағандар: Қ.Бекетаев, Ә.Ибагов. Алматы: Ана тілі, 1993. 192 б.
- [9] Қашқари М. Түрік тілінің сөздігі (Диуани лұғат ит-түрік). 3 томдық шығармалар жинағы. Қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А.Егеубай. 1-т. Алматы: Хант, 1997. 591 б.
- [10] Түркмен дилинин сөзлүги. Ашгабат: Түркменистан ССР Ылымлар академиясының нешрияты, 1962. 866 б.
- [11] Узбек тилининг изохлаи луғати. Икки томли. Т. II. З.М. Маъруфов тахрири остида. М.: Русский язык, 1981. 715 б.
- [12] Юдахин К.К. Киргизско-русский словарь. М.: Советская энциклопедия, 1965. -973 б.